

**«Қазақстан халқына» Қоғамдық қоры  
Басқармасының отырыстары туралы  
2023 жылғы 28 наурызға  
ақпарат**

**2023 жылғы 10 қаңтарда** «Қазақстан халқына» ҚҚ Басқармасының отырысы өтті (№ 1 хаттама), оның қорытындысы бойынша мынадай шешімдер қабылданды:

- «Атипиялық гемолитикалық-уремиялық синдром аясында KDIGO бойынша 5 сатыдағы созылмалы бүйрек ауруы» диагнозымен ауыр орфандық ауруы бар ҚР 1 азаматын Экулизумаб (ТН Элимаб) препаратымен қамтамасыз ету бойынша қайырымдылық көмек көрсету.

- «Нейробластома» және «Жұлын бұлшықет атрофиясы» диагнозымен ҚР 2 азаматын «Карзиба» (Динутуксимаб бета) және «Эврисди» (Рисдиплам) дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету бойынша қайырымдылық көмек көрсету.

- ҚР 6 азаматын дәрілік заттармен қамтамасыз ету бойынша қайырымдылық көмек көрсету: «Эпилепсия» диагнозымен орфандық ауруларға «Сабрил» (Вигабатрин); «Дюшенді бұлшықет дистрофиясы» диагнозына «Этеплирсен» (Экзондис 51); «Жұлын бұлшықет атрофиясы» диагнозына «Эврисди» (Рисдиплам); «Нейрофиброматоз 1-тип» диагнозына «Коселуго» (Селуметиниб).

- Қор жанындағы орфандық аурулар жөніндегі Сараптама комитетінің құрамына өзгеріс енгізу.

---

**2023 жылғы 19 қаңтарда** «Қазақстан халқына» ҚҚ Басқармасының отырысы өтті (№ 2 хаттама), оның қорытындысы бойынша мынадай шешімдер қабылданды:

- ҚР 6 азаматын дәрілік заттармен қамтамасыз ету бойынша қайырымдылық көмек көрсету: «Ервой» (Ипилимумаб), «Бригатиниб», «Алектиниб», «Бригатиниб» және «Ниволумаб» (Опдиво).

- «Soon Chun Hyang University Medical Center» (Оңтүстік Корея) клиникасында беттегі невустың ота жүргізу бойынша ҚР азаматына қайырымдылық көмек көрсету.

- «Қазақстан халқына» Қоғамдық Қоры орфандық (сирек кездесетін) аурулар кезінде дәрілік препараттармен қамтамасыз ету шеңберінде қайырымдылық көмек көрсету Ережелерін бекіту.

---

**2023 жылғы 23 қаңтарда** «Қазақстан халқына» ҚҚ Басқармасының отырысы өтті (№ 3 хаттама), оның қорытындысы бойынша мынадай шешімдер қабылданды:

- «University Medical Center» Корпоративтік қорына «Балалардың бауыр трансплантациясы» қайырымдылық жобасына сәйкес 2 балаға бауыр трансплантациясын жүргізу үшін Жапония мен Непалдан мамандар тартуға қайырымдылық көмек көрсету туралы» мәселе бойынша Басқарманың 2022 жылғы 26 желтоқсандағы шешіміне (№ 51 хаттама) өзгеріс енгізу.

- қаңтар айындағы қайғылы оқиғаларда 2 кездейсоқ құрбан болып қаза тапқандардың отбасыларына 7 000 000 (жеті миллион) теңге мөлшерінде қайырымдылық көмек көрсету (салықтарды шегергенде).

---

**2023 жылғы 24 қаңтарда** «Қазақстан халқына» ҚҚ Басқармасының отырысы өтті (№ 4 хаттама), оның қорытындысы бойынша мынадай шешімдер қабылданды:

- «Қайырымдылық бағдарламалар мен жобалардың мониторингі бойынша есептер» мәселесін мақұлдау және Қордың Қамқоршылық кеңесінің қарауына шығару.
- «Табыс кілті» қайырымдылық жобасын бекіту туралы» мәселені мақұлдау және Қордың Қамқоршылық кеңесінің қарауына шығару.
- «ҚР Денсаулық сақтау ұйымдарының медициналық кадрларын шетелде оқыту, оның ішінде шетелдік мамандарды тарта отырып шеберлік сыныптарын ұйымдастыру» бағыты бойынша тәсілдерді бекіту туралы» мәселені мақұлдау және Қордың Қамқоршылық кеңесінің қарауына шығару.
- «Медициналық генетиктер мен ультрадыбыстық диагностика мамандарын шетелде оқыту» қайырымдылық жобасын мақұлдау және Қордың Қамқоршылық кеңесінің қарауына шығару.
- «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының басқа заңды тұлға құруға қатысуы туралы» мәселені мақұлдау және Қордың Қамқоршылық кеңесінің қарауына шығару.

---

**2023 жылғы 25 қаңтарда** «Қазақстан халқына» ҚҚ Басқармасының отырысы өтті (№ 5 хаттама), оның қорытындысы бойынша мынадай шешім қабылданды:

- «Қазақстан халқына» ҚҚ жанындағы әлеуметтік мәселелер жөніндегі Сараптама комитетін құру және құрамын бекіту.

---

**2023 жылғы 02 ақпанда** «Қазақстан халқына» ҚҚ Басқармасының отырысы өтті (№ 6 хаттама), оның қорытындысы бойынша мынадай шешімдер қабылданды:

- «Бет терісінің меланомасы» (меланоманы кейінгі пластикамен кесу) диагнозымен ҚР азаматына «Soon Chun Hyang University Bucheon Hospital» клиникасында (Оңтүстік Корея) қайырымдылық көмек көрсету.
- «Ортаңғы ішектің мальротация синдромы (құрсақішілік дамудың 2 сатысы, тұрақты емес және бекітілмеген тоқ ішек). Ортаңғы ішектің бұралуы (ішек трансплантациясы)» диагнозымен ҚР азаматына «Global Hospital» клиникасында (Үндістан) қайырымдылық көмек көрсету.
- өмірлік маңызды дәрілік заттармен қамтамасыз ету бойынша орфандық аурулары бар ҚР 6 азаматына қайырымдылық көмек көрсету.
- «Эпилепсия» ауыр орфандық ауруы бар ҚР 88 азаматына «Сабрил» (Вигабатрин) дәрілік затпен қамтамасыз ету бойынша қайырымдылық көмек көрсету.
- қаңтар айындағы қайғылы оқиғалар кезінде кездейсоқ құрбан болған Қазақстан Республикасының 9 қаза тапқан азаматының отбасыларында 22 кәмелетке толмаған балаға 2 000 000 (екі миллион) теңге мөлшерінде қайырымдылық көмек көрсету (салықтарды шегергенде).

---

**2023 жылғы 08 ақпанда** «Қазақстан халқына» ҚҚ Басқармасының отырысы өтті (№ 7 хаттама), оның қорытындысы бойынша мынадай шешімдер қабылданды:

- «Тұсау Кесер» қайырымдылық жобасына қоса беріліп отырған өзгерістерді мақұлдау және Қордың Қамқоршылық кеңесінің қарауына шығару.
- «Онкология және гематология бөлімшелерінің дәрігерлерін шетелде оқыту» қайырымдылық жобасын мақұлдау және Қордың Қамқоршылық кеңесінің қарауына шығару.

---

**2023 жылғы 13 ақпанда** «Қазақстан халқына» ҚҚ Басқармасының отырысы өтті (№ 8 хаттама), оның қорытындысы бойынша мынадай шешім қабылданды:

- ҚР 3 азаматына онкологиялық аурулармен байланысты дәрілік заттармен қамтамасыз ету бойынша қайырымдылық көмек көрсету: «Энтректиниб» (Розлитрек), «Ниволумаб» (Обдива) және «Ипилимумаб» (Йервой).

---

**2023 жылғы 15 ақпанда** «Қазақстан халқына» ҚҚ Басқармасының отырысы өтті (№ 9 хаттама), оның қорытындысы бойынша мынадай шешімдер қабылданды:

- қаңтар айындағы қайғылы оқиғалар кезінде кездейсоқ құрбан болған 3 қаза тапқандардың отбасыларына 7 000 000 (жеті миллион) теңге мөлшерінде қайырымдылық көмек көрсету (салықтарды шегергенде).

- Медицина мәселелері жөніндегі сараптама комитетінің құрамына М.Е. Тулеутаев пен Г.Е. Булабаеваны енгізу.

- Әлеуметтік мәселелер жөніндегі сараптама комитетінің құрамына З.О. Бегалиева мен Г.М. Омаровты енгізу.

- «Ерте араласу орталықтарын жарактандыру» қайырымдылық жобасына енгізілген өзгерістерді мақұлдау және «Ерте араласу орталықтарын жарактандыру» қайырымдылық жобасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын жаңа редакцияда бекіту.

- «Аутизмі және басқа да менталды кемістігі бар балаларға арналған орталықтарды жарактандыру» қайырымдылық жобасына енгізілген өзгерістерді мақұлдау және «Аутизмі және басқа да менталды кемістігі бар балаларға арналған орталықтарды жарактандыру» қайырымдылық жобасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына енгізілген өзгерістерді бекіту.

- «6 оңалту орталығын ашу» қайырымдылық жобасын мақұлдау және Қордың Қамқоршылық кеңесінің қарауына шығару.

- Қор Басқармасының 19.01.2023 жылғы шешімімен (Басқарманың № 2 хаттамасы) бекітілген «Қазақстан халқына» Қоғамдық қорының орфандық (сирек кездесетін) аурулар кезінде дәрілік препараттармен қамтамасыз ету шеңберінде қайырымдылық көмек көрсету Қағидаларына толықтырулар енгізу.

- орфандық аурулары бар азаматтар үшін Қордың қаржы ресурстары есебінен сатып алынатын Дәрілік заттардың тізбесін бекіту.

---

**2023 жылғы 24 ақпанда** «Қазақстан халқына» ҚҚ Басқармасының отырысы өтті (№ 10 хаттама), оның қорытындысы бойынша мынадай шешімдер қабылданды:

- тұрақты жұмыс істейтін алқалы басқару органын – «Endowment Qazaqstan Halqyna» Нысаналы капиталды (эндаументті) басқару жөніндегі компания» корпоративтік қорының Қамқоршылық кеңесін құру.

- орфандық аурулары бар ҚР 4 (төрт) азаматын дәрілік заттармен қамтамасыз ету бойынша қайырымдылық көмек көрсету.

- Қазақстан Республикасының онкологиялық ауруы бар азаматына «Иксозамиб» (Нинларо) дәрілік затымен қамтамасыз ету бойынша қайырымдылық көмек көрсету.

---

**2023 жылғы 07 наурыз** «Қазақстан халқына» ҚҚ Басқармасының отырысы өтті (№ 11 хаттама), оның қорытындысы бойынша мынадай шешімдер қабылданды:

- «QH Денсаулық жолы» қайырымдылық жобасын бекіту туралы» мәселені мақұлдау және Қордың Қамқоршылық кеңесінің қарауына шығару.
  - «Qazaqstan mektebine» қайырымдылық жобасын іске асыруды тоқтата тұру.
  - орфандық аурулары бар ҚР 8 (сегіз) азаматын дәрілік заттармен қамтамасыз ету бойынша қайырымдылық көмек көрсету.
  - «100 балалар спорт залы» бағдарламасы және «Қазақстан халқына» ҚҚ білім беру гранттары» қайырымдылық бағдарламасы шеңберіндегі «24 балалар спорт залы» қайырымдылық жобасы бойынша сапа мониторингі қорытындыларын Қордың Қамқоршылық кеңесінің қарауына шығару.
  - «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын жаңа редакцияда бекіту.
- 

**2023 жылғы 09 наурыз** «Қазақстан халқына» ҚҚ Басқармасының отырысы өтті (№ 12 хаттама), оның қорытындысы бойынша мынадай шешімдер қабылданды:

- келесі өтініш берушілерге: «Олимпке жол» балалар мен жас спортшыларды қолдау қайырымдылық қоры» ҚҚ; «Soul&Co» ҚҚ; Ақтөбе облысының ДСБ ММ ШЖҚ «Облыстық перинаталдық орталық» МКК; «Go Start» ЖШС; «Мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдерге арналған «Мейірім» оңалту орталығы» ЖҚ; «Өмір тынысы» трансплантация жасалған сырқаттар» ҚБ; «Abilympics Qazaqstan» ұлттық орталығы; Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Сайрам ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Оқу-өндірістік комбинаты» КММ назарға алып, бас тарту жауаптарын жолдау. «УМС» корпоративтік қорынан келіп түскен өтінімді назарға алу және қосымша материалдарды ұсыну үшін пысықтауға жіберу. «БҚО жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының Орал арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ-нен қабылданған өтінімді жұмыс үшін БЖБО-ға жіберу.

- қаңтар айындағы қайғылы оқиғалар кезінде кездейсоқ құрбан болған 1 қаза тапқан адамның отбасына 7 000 000 (жеті миллион) теңге мөлшерінде (салықтарды шегергенде) қайырымдылық көмек көрсету.

- қаңтар айындағы қайғылы оқиғалар кезінде кездейсоқ құрбан болған Қазақстан Республикасының 4 қаза тапқан азаматының отбасыларындағы 7 кәмелетке толмаған балаға 2 000 000 (екі миллион) теңге мөлшерінде (салықтарды шегергенде) қайырымдылық көмек көрсету.

- қаңтар айындағы қайғылы оқиғалар кезінде атыс қаруынан зардап шеккен Қазақстан Республикасының ауыр жараланған 7 кәмелетке толған азаматына 3 000 000 (үш миллион) теңге (салықты шегергенде) мөлшерінде қайырымдылық көмек көрсету.

---

**2023 жылғы 15 наурыз** «Қазақстан халқына» ҚҚ Басқармасының отырысы өтті (№ 13 хаттама), оның қорытындысы бойынша мынадай шешімдер қабылданды:

- Қор мен Донор арасында жасалған қайырымдылық көмек көрсету шарты негізінде (донор қаражаты есебінен) жалпы сомасы 3 600 000 (үш миллион алты жүз мың) теңгеге робототехникалық конструкторлардың бағдарламалық-аппараттық кешенін сатып алуды қаржыландыру түрінде Павлодар облысының білім басқармасы, Баянауыл ауданы білім бөлімінің «Кеменгеров К. атындағы орта жалпы білім беретін мектеп» КММ-іне қайырымдылық көмек көрсету.

- Қор мен Донор арасында жасалған қайырымдылық көмек көрсету шарты негізінде (донор қаражаты есебінен) жалпы сомасы 3 600 000 (үш миллион алты жүз мың) теңгеге робототехникалық конструкторлардың бағдарламалық-аппараттық кешенін сатып алуды қаржыландыру түрінде Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Лисаков қаласы білім бөлімінің № 4 жалпы білім беретін мектеп» КММ-іне қайырымдылық көмек көрсету.

- «Қазақстан халқына» Қоғамдық қорының Қамқоршылық кеңесінің 2022 жылғы «20» мамырдағы (№ 8 хаттама) шешімімен бекітілген «Тұсау Кесер» қайырымдылық жобасына редакциялық сипаттағы өзгеріс енгізу.

- Қор жанындағы Спорт жөніндегі сараптама комитетінің құрамына өзгеріс енгізу.

---

**2023 жылғы 17 наурыз** «Қазақстан халқына» ҚҚ Басқармасының отырысы өтті (№ 14 хаттама), оның қорытындысы бойынша мынадай шешім қабылданды:

- Қор қызметкерлеріне сыйлықақы беру туралы ережені бекіту.

---